4-казан күні мектебімізде «Ұстаз деген жарық күні ғаламның» атты мерекелік іс-шарасы болып өтті. Мерекелік іс-шара өз деңгейінде аталып өтілді. Бірінші болып жүргізушілер іс-шараны ашып, Беркінбаев Алтынбек ағайымыз ұстаздар күніне арнап ән айтты. Келесі кезекте «Балауса» би тобының қыздарының орындауында андижан биі орындалып ұстаздардың көңілдерін көтерді. Ұстаздар сергіп қалды. Мектебіміздің директоры Каримов Смадияр Махмудұлы өз жылы лебізін білдіріп, ұстаздарымызды мерекемен құттықтап, іс-шараға қатысқан оқушыларға өз рақметін айтты. Әрі қарай мерекеге қатысқан барлық оқушылар сахнаға шығып, ұстаздарға және көрермендерге басып мерекемізді аяқтады.

«Еңбегі адал жас өрен » жобасы аясында мереке қарсаңында ұлағатты, зейнеткер ұстаз Ысмайыл Бағила Мұратқызымен 4 «А» сыныбы «Өнегелі бір сағат» танымдық сабағын ұйымдастырды. Ұстазымыз келіп, адал еңбек туралы керемет насихатын айтып, оқушылармен ой бөлісті.

ДТДЖО:  Ұ.Досалиева

Тәлімгер:  Ә.Қасым

1-қазан қарттар күні мерекесіне орай өткізілген
«Қариялы ел-қазыналы ел» атты апталықтың іс-шарасы




«Ұстаз-деген жарық күні ғаламның»
ұстаздар күніне арналған іс-шара

ҰСТАЗ

Бола, яғни жақсы
оқытушы болу үшін,
оқытатындығы да сұрау
керек.



Ұстаздар күнімен!



10.10.24 ж.
Тек: Демішев

Күні:	11-қазақ 2024 жос	
Сынып: 5-6-7	Қатысушылар саны: 580	Қатыспағандар саны:
Сынып сағатының тақырыбы	Буллинг және кибербуллинг	
Тәрбие жұмысының бағыты	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	
Мақсаты	«Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.	
Бағалау критерийлері:	«Буллинг» сөзінің мағынасын түсінеді; Дөрекілік, өктемдік танытатын адамдармен өзін қалай ұстау керектігін үйренеді; Біреуді мазақтауға, қорлауға, намысына тиюге жол бермейді. Сынып арасында бір-бірін қолдай білуге, сыйластық танытуға үйренеді.	

Тәрбие сағатының барысы

	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
Кіріспе 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Миға шабуыл Буллинг дегеніміз не? Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. Миға шабуыл (бейнеролик) Мұғалім: (бейнероликтен кейінгі жетелеуші сұрақтар) Бұл бейнеролик не туралы? https://www.youtube.com/watch?v=l5OsvTnwLN4 Видео көресету. Видеодан кейінгі сұрақтар: Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат	https://www.youtube.com/watch?v=RCA_wFW-mSo Бағыттау сұрақтары

Негізгі
бөлім
25 мин

жасайды?

Оқушылар сұрақтарға жауап береді, жауаптарына дәлел келтіреді.

Балалар оқиды, талқылайды.

- Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін.

Ол:

адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу

- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру

сол жайында өсек тарату

- оны елемеу немесе жекелету

- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ынғайсыз жағдайға қою

- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру

- қокан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

- Рацисттік буллинг

Біреудің нәсіліне, түсіне, нанымына байланысты басқаша көзқарас туғындыру. Сондай-ақ адамның нәсіліне қарай жағымсыз сөздер айту жатады.

- Таптық буллинг

Адамдар біреудің белгілі бір әлеуметтік тапқа жататындығын анықтағаннан кейін, сол адамға жаман көзбен қарау. Мысалы, біреулер «ауылдан келген» деп адамды жекелету.

- Адамның сырт келбетіне қатысты буллинг
Біреуді көпшілікке ұқсамағандығы үшін кемсіту, мысалы адамның шашы жирен болуы немесе қысқа бойлы болуы, я болмаса көзілдірік киіп жүруі үшін.

- Дінге қатысты буллинг

Біреуді дініне немесе нанымына байланысты қорлау немесе әдепсіздік таныту. Мысалы, киелі кітапты оқу, мешітке бару сияқты діни дәстүрлерді мазақ ету.

- Мүгедектерге қатысты буллинг
Адамды мүгедек болуына байланысты қорлау және оған тіл тигізу.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?
Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жанына батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда:

- уайымдау
- ұйқының бұзылуы
- тәбеттің болмауы
- өзі жайлы жаман ойлау
- өз-өзіне физикалық зақым келтіру
- өлім туралы ойлау
- сабақ үлгерімдерінің нашарлауы
- ауыру
- «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау
- өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану
- қорқу

Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек?

- Батыл болуға үйрен

Батыл болу деген агрессия танытпай, өзінді қорғай білу. Сен өз ойыңды дөрекі және ызалы сөздерсіз білдіруге үйрене аласың.

Кейде біреумен келіспеген жағдайда өзінді шын мәнінде қалай сезінетінінді жеткізу қиын.

Дегенмен сен батылдыққа үйрене аласың. Ол үшін айтқың келетін сөздерді қағазға жазып, ал уақыты келгенде айтып қал. Кезі жеткенде сенің батылдыңның арқасында барлық қорлық пен қорқытулар тоқтайды.

- Құрбыңмен/досыңмен бөліс

Достарың сені оларға барлық оқиғаны ашып айтпасаң да, саған қолдау көрсете алады. Олар сені қолдап, көңіліңді көтере алады. Сонымен қатар, достарың жәбірлеушілер енді мазанды алмас үшін оларға қалай жауап беру керектігін айта алады.

- Ересек адамдармен бөліс

Сен өз оқиғаңмен ата-анаңмен, өзіңнің

	қамқоршыңмен немесе сенімді ересек адамның біреуімен бөлісуіңе болады. Олар сені қолдап, мәселені шешуде ақыл-кеңес бере алады. Сондай-ақ, ІІІ сенім телефонына қоңырау шалуыңа болады. Онда саған көмек пен қолдау көрсетіледі. • Мұғаліммен бөліс Мектебіндегі мұғалімдер саған бас-көз болуға міндетті. Сен мектепте болған кезінде өзінді қауіпсіздікте сезінуге толықтай құқығың бар. Мүмкін, сенің мектебінде буллингке қарсы тұруға қатысты кейбір нұсқаулар бар шығар. Сонымен қатар, сен мектеп психологына да жүгіне аласың.	
Қорытынды 10 мин	Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адамұйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Слайд таныстырылымы Рефлексия <i>Қажетті білімді толық меңгердім бе?</i> <i>Қай дағдыларды қалыптастырдым?</i> Сабақтағы іс-әрекетіне рефлексия жасайды.	Рефлексия

Зорлық-зомбылықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын- алу жұмыстары



**Түркістан облысы Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты
Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында «Есірткі біздің
жауымыз» тақырыбында өткен сынып сағаты және сурет
байқауының акпараты**

10-11 сыныптарында «Нашакорлықтың алдын алу» тақырыбында өткен сынып сағатының мақсаты – оқушыларға нашакорлықтың зиянын түсіндіру, алдын алу шаралары туралы акпарат беру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Сынып сағатының жоспары:

1. **Кіріспе:**
 - Сынып сағатын ашу, тақырыпты таныстыру.
 - Оқушылардың нашакорлық туралы жалпы түсініктері мен пікірлерін сұрау.
2. **Нашакорлықтың зияны:**
 - Нашакорлықтың анықтамасы.
 - Денсаулыққа, әлеуметтік өмірге, отбасына және қоғамға зияны.
 - Нашакорлықтың психологиялық, физикалық және әлеуметтік салдары.
3. **Нашакорлықтың себептері:**
 - Оқушылар арасында нашакорлықтың пайда болу себептерін талқылау.
 - Стресс, әлеуметтік қысым, отбасылық мәселелер, қызығушылықсыздық.
4. **Алдын алу шаралары:**
 - Нашакорлықтан қалай аулақ болуға болатынын талқылау.
 - Спортпен айналысу, достармен уақыт өткізу, хобби және қызығушылықтарды дамыту.
 - Салауатты өмір салтын насихаттау.
5. **Топтық жұмыс:**
 - Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа нашакорлықтың алдын алу туралы постер жасау тапсырмасы.
 - Постерлерді қорғау және талқылау.
 - Есірткіге қарсы сурет салу.
6. **Қорытынды:**
 - Сынып сағатының негізгі тұжырымдарын қорытындылау.
 - Оқушылардың сұрақтарына жауап беру.
 - Салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.

Нәтиже:

Сынып сағаты барысында оқушылар нашакорлықтың қауіптілігі, оның алдын алу шаралары туралы акпарат алды. Топтық жұмыс оқушылардың бір-бірімен пікір алмасып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Сыныпта салауатты өмір салтын насихаттау мен нашакорлыққа қарсы күрес мәселесі маңызды орын алды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Досалиева

«Лудомания деген не?» атты тақырыпта түсіндіру және болдырмаудың алдын-алу жұмыстары



**Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және кәмелет жасына толмағандарға
жасалатын зорлық-зомбылықтың, ертежүктілік, өз-өзіне
қолжұмсау, (аутоагрессия) аутодеструктивті мінез құлықтың алдын-алу
жұмыстары**



**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында «Балалар
кітапханасы» аясында ғалым, мемлекет қайраткері Санжар
Асфендияровтың туылғанына 135 жыл толуына орай өткізілген әдеби
кештің мәліметі**

Көрнекті мемлекет қайраткері, дарынды тарихшы, ғалым профессор, педагог Санжар Жапарұлы Асфендияровтың туылғанына 135 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Н.Байбосын, А.Тойшиевалардың ұйымдастыруымен 9-сыныптар арасында әдеби кеш ұйымдастырылды. Санжар Жапарұлы Асфендияров 1889 жылы 20 қазанда Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкентте дүниеге келген. 1912 жылы, 23 жасында Санкт-Петербургтегі әскери- медициналық академияны бітіреді. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майданда Түркістан полкінде әскери дәрігер қызметін атқарған.

XX ғасырдың 30-жылдарында С.Асфендияров КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасының негізін қалаған алғашқы жетекшілер мен ұйымдастырушыларының қатарында болды. Қоғамдық ғылымдар бөлімінің хатшысы болып қызмет атқарды. Ғалым әрдайым тарих ғылымының өзекті мәселелерін, мәдени ескерткіштерді, өлкені мекендеген халықтардың бай әдеби мұрасын теренірек зерттеуге тырысты.

Санжар Асфендияровтың еңбек жолы мен атқарған қызметтерінен оның жан-жақтылығы мен асқан білімділігін байқауға болады. Дәрігер, ғалым, мемлекет қайраткері, педагог Санжар Жапарұлы ана тілінен өзге орыс, ағылшын, француз, неміс, латын және шығыс халықтарының тілдерін меңгерген.

Санжар Асфендияров республикамыздағы алғашқы оқу орындарының ашылуына көп тер төккен тұлғалардың бірі. 1928-1931 жылдар аралығында Қазақ педагогикалық институтының бірінші ректоры және тарих кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. 1931-1933 жылдары бүгінгі күні ғалымның есімін иеленген Алматы медицина институтының ректоры болған.

Санжар Асфендияров 1937 жылы 22 тамызда «Халық жауы» ретінде тұтқындалып, 1938 жылы 23 ақпанда ату жазасына кесіледі. 1958 жылы ғана есімі ақталып, артынан қалдырған құнды еңбектері бүгінгі күнге жетіп отырғандығын түсіндірді.

Кітапханашылар кітапханадағы профессордың еңбектерімен таныстырды.

ДТЖО:  Ұ.Досалиева



Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 20 қыркүйек күні 2024 ж мектеп ұжымымен жиналыс болып өтті.

ХАТТАМА № 1

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың алдын алу жолдары
2. «Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын болашағына кесірін тигізетін індет».

Қатысқандар:

1. Мектеп-гимназия директоры: Каримов С

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Жантасов Ж
Досалиева Ұ

3. Жалпы жиналысқа қатысқан мұғалімдер саны: 122

Өткізілу түрі: Дөңгелек үстел

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ.Досалиева мектеп ата-аналарына мектептегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде өз есебін берді.

Елбасы алға тартқан міндет жергілікті жерлердегі құзырлы органдармен қоғамдық ұйымдар жұмысының темірқазығына айналып отыр. Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру мекемелерінде жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады. Осыған орай Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» жоспары жасалып, бекітіліп жұмыс түрлері жүргізілуде. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шара мақсатты болып келеді. Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде оқушылар мен оқытушылар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр мұғалім білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске» байланысты жүргізілген жұмыс түрлері

Мектептің 1-кабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп әкімшілігі және мектеп инспекторының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралады. Сонымен қатар, сенім телефондары жазылып, көрсетілген.

Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа байланысты жұмыс жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп директоры Каримов Смадияр педагогикалық ұжыммен жиналыс өткізді. «Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізіліп, хаттамалары жазылды. Ата-аналардың бұйырықпен танысқаны туралы қолдары қойылды. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен, бопсалауды» болдырмаудың алдын алу» тақырыбы бойынша жана форматта «аналар», «әкелер» кеңестерінің отырыстары өткізілді.

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы аналардың пікірін білу, талқыға салу. Әкелердің бала алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Мектеп инспекторлары оқушылармен, педагогикалық ұжыммен кездесу өткізіп, «құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алуда» жүргізіліп жатқан іс-шаралармен танысып, пікір алмасты.

Оқушылармен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында жиналыс өткізіп, жемқорлыққа арналған заңның орындалуын қадағалау туралы айтып өтті.

«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат, «Заң талабы заман талабы» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілді.

«Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында 5-9 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып, 10-11 сыныптар арасында ой толғау (эссе) жазылды.

Мектеп оқушыларының арасында бопсалауды болдырмаудың алдын алу мақсатында сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнамаға 459 оқушы қатысып, ойларын ортаға салды.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып отырады.

Білім беру ұйымдарында ата-аналардан ақша жинау туралы фактілерінің орын алуын болдырмау мақсатында мұғалімдермен, сынып жетекшілермен үнемі жиналыстар өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізіліп тұрады. Бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:



Каримов С

Хатшы:

Досалиева Ү

Досалиева Ү

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы

25-қазан Республика күніне
орай «Қыран елім-
Қазақстаным» атты іс-шара




Бекітемін

✓ Мектеп-гимназия директоры:  С.Каримов



**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 14-25 қазан аралығында
Республика күнін мерекелеу жөніндегі мектепшілік
іс-шаралар жоспары**

№	Іс –шара атауы	Өтетін уақыты	Сыныбы	Жауапты орындаушылар
1	«Қазақстан – достық мекені» тақырбында ашық тәрбие сағатын өткізу.	16 қазан	9-10 сыныптар	9 «Ә» Құлмырзаева Г 9 «Г» Құралбаев Б 10 «Ә» Бектаева З 10 «Б» Звай А
2	«Атамекен» тақырбында патриоттық диктант –конкурсы	17 қазан	3-4 сыныптар	3 «В» Батырбекова F 4 «Б» Құрбанқұлова М
3	«Менің арманымдағы Қазақстан» ашық тәрбие сағаты	18- қазан	5-6 сыныптар	5 «А» Стыбаева Э 5 «Ә» Сайрамбай Т 6 «Д» Джабаева Э 6 «Ә» Түлебаева Г
4	Қайырымдылықты насихаттау және дамыту үшін «Жаксылық сабағын» ұйымдастыру	13-25 қазан	5-10 сыныптар	Әлеуметтік-педагогтар А.Даулетова З.Бектаева
5	«Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан» ашық тәрбие сағаты	21 қазан	2-4 сыныптар	2 «Ә» Қарсыбаева А 2 «А» Дүйсебек Х 3 «Г» Құлыбаева Х 3 «Ә» Сүйгенбаева Э 4 «Ә» Ахметова Б 4 «Д» Керімбаева
6	«Менің Отаным -Қазақстаным» патриоттық акциясы шеңберінде мектепшілік мәнерлеп оқу байқауы.	21-22 қазан	2-4 сыныптар	Кітапханашылар Н.Калекова Н.Омарова
7	«Менің Тәуелсіз Қазақстаным» Патриоттық ән байқауы.	22-24 қазан	2-4 сыныптар 5-7 сыныптар	Тәлімгер Ә.Қасым Музыка пән мұғалімі: А.Беркінбаев
8	«Патриотизм даусы» Мемлекеттік гимнді жаппай орындау.	24 қазан	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
9	«Қыран елім – Қазақстан» атты патриоттық іс шарасы	24 қазан	5-7 сыныптар 8-10 сыныптар	Тәлімгер Ә.Қасым Өзін-өзі басқару ұйымы

ДТЖО орынбасары:  Ұ.Досалиева

Республика ерікті ел- ҚАЗАҚСТАН

25 қазан



Республика күні

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «25-қазан Республика күні»

Жанкен

1.Туу Кіру.

Жиын сап түзе, *тік тұр! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы алып келінсін!*

Білім туын алып келетін түлектеріміз мектебіміздің үздіктері,алтын белгі үміткері,аудандық ,республикалық пән олимпиада жүлдегерлері

Құдасов Бақытжан

Нұрмаханбетжан Аружан

Бердалы Нұрдана

2.Әнұран:

Көгінде қалықтайды тау қыраны,

Сол қырдан болашағың танылады.

Тік тұрып қарыс алайық қалың қауым,

Шырқалады қазақстан әнұраны!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалсын!

3.Шұғыла сөзі. 1993 жылдың 25 қазан күні ҚазССР-нің мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданып, 2001 жылы Республика күні деп жалпак жұртқа жария еткен болатын. 8 жыл өткен соң мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталып, арада 13 жыл өткен соң мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен бұл мейрам ұлттық мереке ретінде қайта тойланатын болды.

4.Хормен: Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі мерекеміз Республика күніне арналған, кешімізді ашық деп **жариялаймыз!**

5.Ләззат сөзі.

Акжайық, Алтай арасы

Қазақтың шалқар даласы

Республикама қарашы!

Жерімнің дәні маржандай

Қырманы асқар таулардай

Республикама қарашы!

Шолсаң да биік аспаннан

Республикама қарашы!

Шырқаған сайын тірегі

Республикама қарашы!

6.Ендеше алғашқы мерекелік құттықтау сөзі мектеп директоры беріледі.

7.Тәуелсіздік халықтың арман қанаты. 1991 жылы біз қанатымызды байлап тұрған құрсауды бұзып, биікке құлаш сермедік, әлемге Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде жарияладық. Біз, өз Отынымздың жаңа дәуір тарихын бірге жаздық, негізін бірге қаладық. Халықтың ынтымағы бізді мызғымас тәуелсіз мемлекетке айналдырды, береке мен бірлік, татулық пен келісім бұл біздің тәуелсіз мемлекетіміздің жетістігі және өркениет көшіне ілесуінің кепілі болып табылады.

8.2 «Д» сыныбын және Мамыр Айшаны «Тәуелсіз ел ұраны» әнімен қарсы алыңыздар.

9.Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!

Кеше сенің келбетінді арман гып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік, қош келдің!

10.Оқушылардың арнауын қабыл алыңыздар.

11.2 «А» сынып оқушылары Махмут Алина, Абдуллин Раяна

12.Жүргізуші:

Өзегімді өртке ораған қоғамда,

Өз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш

Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!

Сақтап тұру қиынырақ еді де!*

Алла берген азаттықтың әр сәті-

Аманат қой

Маған,

Саған, Оған да!

13.Флешмоб бні

14.Жүргізуші:Бүгінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы елімізді әлемдегі беделді әрі орынықты мемлекетке айналдыруды жалғастыруда.

15.9 б сынып оқушылары

Ән: «Мен казактың ұлымын» қабыл алыңыздар.

17.Жүргізуші:Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат.Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жаркылдап.Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік!

18.«Атамекен әні»

Осымен бүгінгі 25-қазан Республика күніне арналған «Қыран елім Қазақстан» атты концерттік іс-шарамыз жабық деп жариялаймыз. Келесі кездешкенше хош сау болыңыздар.

Бекітемін

Мектеп-гимназия

✓ Директоры:

Каримов С.М.



Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 17-23.10.24ж аралығында Республика күніне орай, «Қыран елім-Қазақстаным!» атты жасалған спорттық іс-шара жоспары

К/с	Өтілетін спорттық іс-шара түрлері	Сыныптар	Өтілу мерзімі	Жауапты мұғалімдер
1	Футбол ойыны	6	17.10.2024ж	Қалмұрзев Т Құлтаев Х
2	Жеңіл атлетика Жүгіру 60м Ұзақ қашықтыққа жүгіру Бір орыннан секіру Эстафеталық жарыстар	7	18.10.2024ж	Сәрсенбаев А Құдайберген А
3	Жеңіл атлетика Жүгіру 60м Ұзақ қашықтыққа жүгіру Бір орыннан секіру Шағын доп лақтыру Эстафеталық жарыстар	8	21.10.2024ж	Себеков Ғ Орынбаев С
4	Жеңіл атлетика Жүгіру 60м Ұзақ қашықтыққа жүгіру Бір орыннан секіру Шағын доп лақтыру Эстафеталық жарыстар	9	22.10.2024ж	Тастанов Ғ Дүйсекбек А
5	Волейбол	10	23.10.2024ж	Омаров Н Мамыхов А

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл

Таныстым _____ 2024жыл



25-қазан Республика күніне арналған «Қыран елім-Қазақстан»
атты патриоттық іс-шара ұйымдастырылды





25-қазан Республика күніне арналған «Қыран елім-Қазақстан»
атты патриоттық іс-шара ұйымдастырылды



**25-қазан Республика күніне орай Рахымжан Қошқарбаевтың
100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Рейхстагқа тігілген ту»
атты ашық тәрбие сағаттары өтілді.**



25-қазан Республика күніне орай мектебімізге жазушы, драматург, мемлекет және қоғам қайраткері Қалаубек Тұрсынқұловтың атауы берілді.



Бекітемін

мектеп-гимназия директоры:

С.Каримов

**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 23 қазан 2024 жылы
атаулы кабинеттің ашылу салтанатының іс-шарасы**

к/с	Іс-шараның атауы	Жауапты
1	Қонақтарды есіктен күтіп алу.	Мектеп әкімшілігі
2	Шақыру хат дайындау, тарату.	Л.Жабаева
3	Аркаға шар дайындап ілу.	Ғ.Себеков Ә.Қасым Ә.Шералы
4	Кілем төсеу, бишілерді дайындау, аппаратураны шығару, гүлдер, оркестр.	Ұ.Досалиева
5	Музейді таныстыру.	Г.Жидебаева
6	Телевизор шығару, Қ.Тұрсынқұлов баннерін ілу, жазушының видеоролигін дайындау.	А.Тулеева Г.Демеуова А.Даулетова
7	1-қабатты шармен безендіру, музейдің ашылу салтанатына қайшы, лента, разнос дайындау.	Ұ.Нұрмағанбетова
8	2-қабатты шармен безендіру, кабинеттің ашылу салтанатына қайшы, лента, разнос дайындау.	Г.Шерова Б.Оразбаева
9	213 кабинетке қонақтар отыруға орын дайындау, кабинеттің тазалығын қадағалау.	С.Азимбаева А.Кульбаева
10	100 адамға сыртқа орындық, трибуна дайындау.	Ғ.Себеков Ә.Қасым Ә.Шералы
11	Этаждарға кезекшілер дайындау, оқушыларды түгел формамен сыртқа алып шығып, сапқа тұрғызу.	Ж.Жантасов
12	Facebook, Instagram парақшасына материал дайындап іс-шараны түгел түсіріп салу.	А.Баймолдина

Іс-шараны түзген ДТІЖО:  Ұ.Досалиева


25-қазан Республика күніне орай «Менің Тәуелсіз
Қазақстаным» атты патриоттық ән байқауы өткізілді



**25-қазан Республика күніне орай «Тұғыры биік-Тәуелсіз
Қазақстаным» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді**



25-қазан Республика күніне орай «Атамекен» тақырыбында патриоттық шығарма байқауы өткізілді



**25-қазан Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан»
патриоттық мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.**



Қ.Тұрсынқұлов мектеп-гимназиясында 25- қазан Республика күніне орай «Қырын елім- Қазақстаным!» атты өткізілген онкүндік іс-шараның Мәліметі

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 25- қазан Республика күніне орай, «Қыран елім- Қазақстаным!» атты өткізілген онкүндік іс-шарасы өткізілді.

13.10.24ж 1-11 сынып оқушылар арасында мемлекеттік әнұран орындалып, мерекелік бейне құттықтаулар ұйымдастырылды.

14.10.24ж Дене шынықтыру пәні мұғалімі И.Мамыховтың ұйымдастыруымен мереке қарсаңында 5-сыныптар бойынша футбол ойындары, 6-7 сыныптар бойынша жеңіл атлетикадан жарыс, бір орында секіру және шағын доп лақтыру мен эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды.

16.10.24ж 8 «А» сынып жетекшісі Төлепберген Кұлпан Республика күніне орай «Менің бақытты мекенім Қазақстан» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күні мәртебесін қайта қалпына келтіруді және оны 25 қазанда Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды. Осы орайда Республикамыздың қалай құрылғанын, еліміздің жеткен жетістіктеріне тоқталды. 9 «Ә», 9 «Г», 10 «Ә», 10 «Б» сыныптарында «Қазақстан-достық мекені» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

17.10.24ж 3-4 сыныптар арасында «Атамекен» тақырыбында патриоттық диктант конкурсы өткізілді. 1-орын 3 «Б» сынып оқушысы Ержанқызы Ұлдана, 2-орын 3 «Д» сынып оқушысы Полат Ерсұлтан, 3-орын 3 «В» сынып оқушысы Мухитдин Жасмин алды.

20.10.24ж Кітапхана оқырмандары үшін «Менің Отаным- Қазақстан» атты қазақ ақындарының патриоттық жырларын оқу челленджін кітапхана оқырмандарына жолдады. Республика мерекесіне

орай, кітапхана оқырманы 9 «Г» сынып оқушысы Байкөбек Мадина ақын Қалкаман Сариннің «Отан» атты өлеңін ұсынды. Барлық оқушылар мен мұғалімдер арасында челлендж таратылды.

21-22.10.24ж Кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Менің Отаным-Қазақста» атты 3-4 сыныптар арасында мәнерлеп оқудан сайыс ұйымдастырылды. Сайыста «Бас жүлде» 4 «Б» сынып оқушысы Амангелді Айманға бұйырды.

22-24.10.24ж Бастауыш сыныптар арасында «Менің Тәуелсіз Қазастаным» атты патриоттық ән байқауы өткізілді. Байқауға қатысқан оқушылар марапатталды.

24.10.24ж Өтілген іс-шара қорытындыланып, мәлімет жазылды.

ДТІЖО:  Ұ.Досалиева

Қ.Тұрсынқұлов мектеп-гимназиясында 25- қазан Республика күніне орай «Қырын елім- Қазақстаным!» атты өткізілген онкүндік іс-шараның Мәліметі

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 25- қазан Республика күніне орай, «Қыран елім- Қазақстаным!» атты өткізілген онкүндік іс-шарасы өткізілді.

13.10.24ж 1-11 сынып оқушылар арасында мемлекеттік әнұран орындалып, мерекелік бейне құттықтаулар ұйымдастырылды.

14.10.24ж Дене шынықтыру пәні мұғалімі И.Мамыховтың ұйымдастыруымен мереке қарсаңында 5-сыныптар бойынша футбол ойындары, 6-7 сыныптар бойынша жеңіл атлетикадан жарыс, бір орында секіру және шағын доп лақтыру мен эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды.

16.10.24ж 8 «А» сынып жетекшісі Төлепберген Күлпан Республика күніне орай «Менің бақытты мекенім Қазақстан» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Ашық тәрбие сағатының мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күні мәртебесін қайта қалпына келтіруді және оны 25 қазанда Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды. Осы орайда Республикамыздың қалай құрылғанын, еліміздің жеткен жетістіктеріне тоқталды. 9 «Ә», 9 «Г», 10 «Ө», 10 «Б» сыныптарында «Қазақстан-достық мекені» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

17.10.24ж 3-4 сыныптар арасында «Атамекен» тақырыбында патриоттық диктант конкурсы өткізілді. 1-орын 3 «Б» сынып оқушысы Ержанқызы Ұлдана, 2-орын 3 «Д» сынып оқушысы Полат Ерсұлтан, 3-орын 3 «В» сынып оқушысы Мухитдин Жасмин алды.


20.10.24ж Кітапхана оқырмандары үшін «Менің Отаным-Қазақстан» атты қазақ ақындарының патриоттық жырларын оқу челленджін кітапхана оқырмандарына жолдады. Республика мерекесіне

«Бекітемін»
мектеп-гимназиясы
директоры:  Каримов С

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында 25 қараша мен 30 аралығында қоғамда балаларға кәсіптік жасауға жол бермеу, сенімділікті тудыру мақсатында «Қылмыссыз балалық шақ!» атты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шара жоспары

к/с	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Өтілу формасы	Жауапты
1	«Буллингтен қорған және болуына жол берме»	25.11.24ж	Ашық тәрбие сағаты 7 сыныптар	Қалшабекова А Караманова Н Темирова А
2	Зорлық-зомбылық сауалнамасы бойынша анықталған оқушылармен әлеуметтік педагогтар мен педагог-психологтардың алдын-алу жұмыстарын жүргізу.	25-26.11.24ж	Алдын-алу бағыты бойынша жұмыс жүргізу.	Педагог-психологтар: С.Азимбаева А.Кульбаева Әлеуметтік педагогтар: А.Даулетова З.Бектаева
3	Жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын-алу және оны болдырмау жолдары.	26.11.24ж	Ашық тәрбие сағаты 6 сыныптар	Тасболат Қ Тулебаева Г Саткулова Н Пернебай М Меңлібай Б Джабаева Э
4	«Хабарласыңыз! Көмектесеміз!» айдарымен оқушылармен ашық әңгіме жүргізу.	27.11.24ж	Ағарту бағыты бойынша жұмыс жүргізу.	Педагог-психологтар: С.Азимбаева А.Кульбаева А Әлеуметтік педагогтар: А.Даулетова З.Бектаева
5	«Зорлық зомбылық қоғам қасіреті, ал оны жою әрқайсысымыздың қолымызда» атты пікір-сайыс.	28.11.22ж	Дебат	ҚББ: Г.Демеуова
6	«Балалық шақты бірге қорғайық!»	06.12.22ж	Видеоролик түсіру 5 «А» сыныбы 7 «Г» сыныбы	Стыбаева Э Темирова А

Іс-шараны түзген:  Досалиева



Алтын күз 2024, Қолөнер сайысы





Күз, Ханшайымы мен Ханзадасы 2024 жыл







Аяулы, алтын күз 2024 іс-шарасы



«Аяулы, алтын күз 2024» іс-шарасы

Мәліметі

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында қараша айының 7-сі күні, 8-10 сыныптар арасында Аяулы, алтын күз 2024 іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

Кештің басты мақсаты: «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу, өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Кешімізді мектебіміздің мақтаныштары 10«А» сынып оқушысы Рахманова Айдана және 9«А» сынып оқушысы Шалқар Асылзат жүргізді.


Әділқазы алқасына Досалиева Ұлдана, Қасым Әлімжан, Кульбаева Азиза ағай-апайларымыз жайғасты.

Сайыс 5-кезеңнен тұрды.

5. «Кел танысайық» (оқушылар өздерін жеке және тобын таныстырады)
6. Өнер сайысы (ән айту, би билеу, көрініс, пародия)
7. Көрме, Үй тапсырмасы (күзгі дақылдардан 3 бейне жасау)
8. Сән үлгісі
5. Ханшайым мен Ханзада

Қатысушы сыныптар жоғарғы деңгейде өз өнерлерін көрсетті. Нәтижесінде 9«А» сыныбы «Бас жүлдені», 9«Ә» сынып 1-орын, 2-орын 8«А» сыныбы, 3-орынды 8«Б» сыныбы иеленді, сондай-ақ 9«А» сыныбы «Ең үздік сән үлгісі» номинациясымен, 10«Б» сыныбы «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді. Ал сайыстың «Ханшайымы мен Ханзадасы» 9«А» сынып оқушылары Әмірсейт Нұрай мен Алтынбек Бексұлтан деп танылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Досалиева Ұлдана апайымыз Алтын күз 2024 кешін қорытындылап, жеңімпаз сыныптарды арнайы дипломмен мадақтап, қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, кешті көңілді нотада аяқтады.

ДТЖО:  Досалиева Ұ
ТӘЛІМГЕР:  Қасым Ә

«Аяулы, алтын күз 2024» іс-шарасы

Мәліметі

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясында қараша айының 6-сы күні, 5-7 сыныптар арасында Аяулы, алтын күз 2024 іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

Кештің басты мақсаты: «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу, өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Кешімізді мектебіміздің мақтаныштары 10«А» сынып оқушысы Рахманова Айдана және 9«А» сынып оқушысы Шалқар Асылзат жүргізді.

Әділқазы алкасына Досалиева Ұлдана, Қасым Әлімжан, Шералы Әлібек ағай-апайларымыз жайғасты.

Сайыс 5-кезеңнен тұрды.

1. «Кел танысайық» (оқушылар өздерін жеке және тобын таныстырады)
2. Өнер сайысы (ән айту, би билеу, көрініс, пародия)
3. Көрме, Үй тапсырмасы (күзгі дақылдардан 3 бейне жасау)
4. Сән үлгісі
5. Ханшайым мен Ханзада

Қатысушы сыныптар жоғарғы деңгейде өз өнерлерін көрсетті. Нәтижесінде 5«А» сыныбы «Бас жүлдені», 5«Ә» сынып 1-орын, 2-орын 6«А» және 6«Г» сыныптары, 3-орын 5«Г», 6«В», 7«А» сыныптары иеленді, сондай-ақ 7«В» сыныбы «Ең үздік сән үлгісі» номинациясымен, 5«Б» сыныбы «Көрермен көзайымы» номинациясын иеленді. Ал сайыстың «Ханшайымы мен Ханзадасы» 5«Г» сынып оқушылары Қалдыбек Әселмен Юлдашев Абдурахман деп танылды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Досалиева Ұлдана апайымыз Алтын күз 2024 кешін қорытындылап, жеңімпаз сыныптарды арнайы дипломмен мадақтап, қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, кешті көңілді нотада аяқтады.

ДТДКО:  Досалиева Ұ
ТӘЛІМГЕР:  Қасым Ә

**8-9-10-11 сынып қыздарымен қыздар ұйымының жұмысы,
педагог-психологтармен бірлесе отырып түсінік жұмыстарын жүргізу**



**”Қыздар тәрбиесінің дәстүрлі құндылықтармен сабақтастығы”
атты қыздар жиналысы өткізілді**



15-қараш Ұлттық валюта-теңге күні



15-қараш Ұлттық валюта-теңге күні



«Бала дауысы- 2024 »
патриоттық әндер байқауы



«Бала дауысы- 2024 »
патриоттық әндер байқауы



«Бала дауысы- 2024 »
патриоттық әндер байқауы



Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы 2-4 сыныптар арасында

«БАЛА ДАУЫСЫ -2024» атты патриоттық ән байқауының

Мәліметі

15.11.24ж аралығында «БАЛА ДАУЫСЫ -2024» патриоттық әндер байқауы өткізілді. «Әрбір бала бір жұлдыз,жарқырауына көмектес» ұранымен 2-4 сыныптар арасында ән байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: оқушыларымызға патриоттық тәрбие беру. Өз елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу. Патриоттық әндер орындау шеберлігін арттыру. Іс-шара барысында барлық сынып оқушыларымыз қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Жүлделі орындармен марапатталған сыныптар:

«Бас жүлде» 2 «Б» сыныбы «Хор»

1-орын 2 «А» сыныбы «Мен қазақпын» әні

2-орын 2 «Ә» сыныбы. «Атамекен» әні

3-орын 2 «Д» сыныбы «Туған жерім» әні

«Бас жүлде» 3 «А» сыныбы «Хор»

1-орын 3 «Д» сыныбы «Қазақ елім» әні

2-орын 3 «В» сыныбы «Жаса, Қазақстаным» әні

3-орын 3 «Ә» сыныбы «Атамекен» әні

3-орын 3 «Г» сыныбы «Хор»

«Бас жүлде» 4 «А» сыныбы «Хор»

1-орын 4 «Б» сыныбы «Туған жер» әні

2-орын 4 «В» сыныбы «Хор»

3-орын 4 «Ә» сыныбы «Атамекен» әні

Байқауды қорытындылап, соңынан оқушылар мектеп директорының мадақтамасымен марапатталды.

ДТДЖО:  ДосалиеваҰ

Тәлімгер:  Қасым Ә

Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы

«Ұлттық тәрбие-ұлттық рухтың негізі»

Ашық тәрбие сағаты



Төлепберген К

Ашық тәрбие сағаты: « Ұлттық тәрбие-ұлттық рухтың негізі »

Сыныбы: 8 «А»

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық тәрбиенің маңыздылығын түсіндіру.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, ұлттық рухты көтеруге баулу.

Өз Отанына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін дамыту.

Тәрбие сағатының барысы	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу сөз басы Оқушылардың көңіл күйін реттеу Тәрбие сағатының барысы	Әдеттегі оқу мен тәрбие жұмыстарына қажеттілерін дайындап, сабаққа қатысады.	Озық ой танытады. Өз ойын ортаға салады. Белсенділіктерін көрсетеді	Актив панель Т.б.
1-қадам	Ұлттық тәрбие дегеніміз не? Оның қазіргі заман жастары үшін маңызы қандай? Қазақ халқының ұлттық рухы қалай қалыптасады?	Д-р: Оқушылар бірлескеніс-әрекеттері бойынша өз ойларын ортаға салады. Толықтыра жауап беріп қатысып отырады.		
2-қадам	Ұлттық тәрбие туралы түсінік Ұлттық тәрбие-бұл оқушыларды өз халқының мәдениетіне тарихына, дәстүріне сүйіспеншілікпен карауға тәрбиелеу. Ол ұлттық рухты ояту мен сақтауда маңызды рөл атқарады. Ұлттық тәрбиенің басты мақсаты-ұлттық болмысты сақтап қалу, ұрпақты туған жері мен халқына адал болуға баулу. Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбак.» Осындай қасиетті бойымызға дарытып өсетін әр оқушы тегінде қор	Д-р: Оқушылар бірлескеніс-әрекеттері бойынша өз ойларын ортаға салады. Толықтыра жауап беріп қатысып отырады.		

	болмайды-деп мензеп тұрғандай. Олай болса,балалар бүгін біз ұлттық тәриенің қайнар көзі болып табылатын бойымыздағы ұлттық рухты сақтаудың маңыздылығына тоқталамыз.			
2-қадам	Балалар ,сендер келісесіңдер ме ? Салт- дәстүрлер ұлттық тәрбиенің- ұттық рухтың негізін қалыптастыра алады ма? Бесік той Тұсау кесер Сүндет той Асық ойыны Тенге алу Тоғыз құмалық	Д-р: Оқушылар бірлескен іс-әрекеттері бойынша өз ойларын ортаға салады.Толықтыра жауап беріп қатысып отырады.		    
3-қадам	Топтық жұмыс 1 топқа беріледі. «Ұлттық құндылықтар әлемі» Сурет салу немесе коллаж жасау.(қазақтың тұрмыстық заттары,киімдері,әшекейлері)	Д-р: Топ болып өз беттерінше бірлескен іс-әрект бойынша жұмыс жасайды.		

	2 топақа беріледі. Ұлттық тәрбиеге байланысты нақыл сөздер жинақтау. 3-топақа беріледі. Жоба дайындау. «Қазақ халқының дәстүрі өмірімде»			
